- неблагоприятных атмосферных и внешних воздействий на изделие, таких как дождь, снег, повышенная влажность, нагрев, агрессивные среды, несоответствие параметров питающей электросети требованиям руководства по эксплуатации;
- использования принадлежностей, расходных материалов и запчастей, не предусмотренных технологической конструкцией данной модели, не рекомендованных или не одобренных производителем.

- попадания внутрь изделия инородных предметов или засорения вентиляционных отверстий большим количеством отходов, таких как пыль и т.п.

12.1.2 Изделия, подвергавшиеся вскрытию, ремонту или модификации неуполномоченными на то лицами.

12.1.3 Неисправности, возникшие вследствие ненадлежащего обращения или хранения изделия, такие как:

- наличие ржавчины на металлических элементах изделия;
- обрывы тросов и вала;
- сколы, царапины, сильные потертости корпуса, пластиковых частей изделия и др.

- сильный нагар на свече зажигания и в цилиндре двигателя;

- неисправности вала, редуктора и режущих ножей;

- повреждения рукоятки, штанги, кожуха и пр.

12.1.4 Неисправности, возникшие в результате перегрузки изделия, повлекшей выход из строя двигателя или других узлов и деталей.

12.1.5 Изделия без читаемого серийного номера.

12.1.6 На повреждения системы подачи топлива или эксплуатационные проблемы, вызванные использованием окисленного, старого или топлива без добавления подходящего масла, потерявшего свои эксплуатационные свойства.

12.1.7 На повреждения, вызванные разлитым топливом.

12.1.8 Расходные материалы, сменные детали, узлы, подлежащие периодической замене, а также аксессуары и комплектующие, поставляемые в комплекте с изделием.

12.1.9 К безусловным признакам перегрузки относятся:

- деформация или оплавление деталей и узлов изделия;

- разрушение/заклинивание поршневого кольца или наличие царапин и потертостей на внутренней поверхности цилиндра и поверхности поршня;

- разрушение или оплавление опорных подшипников шатуна и поршневого пальца;

- неисправности шестерен и подшипников редуктора;

Техническое освидетельствование изделия на предмет установления гарантийного случая производится только в авторизованном сервисном центре.

Срок службы изделия составляет 3 года.

**ВНИМАНИЕ!** При покупке изделия требуйте проверки комплектности и исправности, а также правильного заполнения гарантийного талона.

Список сервисных центров можно узнать у продавца или на сайте **ставр.рф**, **www.stavr-tools.ru**

### 13 ПРОЧАЯ ИНФОРМАЦИЯ

**Импортер и уполномоченная организация по принятию претензий:**

ООО «Омега» Россия, г. Ульяновск,  
ул. Локомотивная, 14

**Изготовитель:**

ЧЖЭЦЗЯН САФУН ИНДАСТРИАЛ КОР-  
ПОРЕЙШН, ЛИМИТЕД  
7 Мингиуан, Соутх Аве Юнкан, Чжецзян,  
Китай

Сделано в КНР

Дата изготовления указана на серийном номере. В соответствии со стандартом изготовителя серийный номер содержит: номер заказа / месяц и год изготовления / порядковый номер изделия.

## 1 ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

Бензиндік триммер ТБ-1400ЛР тұрмыстық қажеттіліктер аясындай жанымдағы учаскелерде, бақтарда және саябақтарда жұмыстарға, көгалдарды тегістеу және қолжетімділігі қиын жерлерден шөптерді шабу үшін, арам шөптерді және шағын бұталарды (қалыңдығы 12 мм дейінгі сабақтармен) шабуға арналған. Сіздің назарыңызды аталған бау-бақша техникасының ауыр және кәсіби жұмыстарға арналмағандығына аудартамыз. Техниканы тағайындалуы бойынша қолданбау кепілдікті жөндеуден бас тартудың негіздемесі болып табылады.



Қауіпті жағдайлардың туындауын болдырмау үшін бұйымды пайдалану алдында осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың

барлық тармақтарымен танысу ұсынылады.



Таңбаламадағы аталған белгі бұйымда қосарлы оқшаулағыштың болуын білдіреді (сынып II MEMST IEC 60745-1-2011), бұйымды жерге тұйықтау талап етілмейді.



Осы Пайдалану нұсқаулығы бұйымның ажырамас бөлігі болып табылады. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бұйымның барлық қызметтік мерзімінің ішінде сақтаңыз.

Сіз арқылы сатып алынған бұйым осы нұсқаулықтан оны пайдалануға әсер етпейтін кейбір айырмашылықтарға ие болуы мүмкін.

## 2 ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

1 кесте

Қозғалтқыштың көлемі, см <sup>3</sup>	42,7
Қуаты, кВт / л.с	1,4 / 1,9
Жіптердің ұсынылатын қалыңдығы, мм	2-2,4
Айналымдар саны (жіптің), мин/айн	9000
Айналымдар саны (пышақтың), мин/айн	9500
Қарнақтың типі	Бөлшектеуге болады
Іске қосу типі	Қол стартер
Отын қоспасы	Бензин АИ-92 + Май 25:1
Жіптермен шабудың максималды ені, мм	440
Кесуші құрал	Жіп 2,4мм x 3м Пышақ 3Тх255х1.6мм
Триммерлік бастиектің отырғызу мөлшері	M10
Праймер	бар
Тұтқаның түрі	велосипедтік
Класс защиты	IP 20
Габаритные размеры	182,5*63*48 см
Қызмет мерзімі	3 жыл
Салмағы, кг	8,1

2 кесте

Шу деңгейі	Діріл деңгейі
LpA: 83 dB(A)	ahD: 3,2m/s2
LwA: 85 dB(A)	KD: 1,5m/s2

### 3 ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

3 кесте

Атауы	Саны
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана
Бензиндік триммер	1 дана
Жіппен шарғы	1 дана
Үшқалақты пышақ	1 дана
Қоспаларды дайындауға арналған ыдыс	1 дана
Иықтық белдік	1 дана
Алты қырлы г-тәрізді кілт	2 дана
Сомын бұрағыш кілт 8x10	1 дана
Бекітпе жиынтығы	1 дана
Бұрағыш	1 дана
Білтелік кілт	1 дана

### 4 ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

**Бұйымның қауіпсіз және тұрақты жұмысына келесі шарттарды сақтау кезінде ғана кепілдік беріледі:**

4.1. Аталған бұйымды осы нұсқаулықта аталғандардан басқа кез келген мақсаттар үшін қолданбаңыз.

4.2. Бұйымды біліксіз, көмелеттік жасқа толмаған немесе бұйымды қолдануға физикалық қабілеттері жеткіліксіз тұлғалардың қолдануларына жол бермеңіз. Бұйымды басқа тұлғаларға берген жағдайда оны қолдану ережелері жөнінде толығырақ айтыңыз және аталған нұсқаулықпен таныстырыңыз.

4.3. Бұйымды немесе оның жеке-лей бөліктерін суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз.

4.4. Бұйымды егер жану немесе жарылыс қаупі бар болған жағдайда, мәселен, тез жанғыш сұйықтықтар мен газдардың маңында қолданбаңыз.

4.5. Бұйымды оның негізгі тұтқасынан ұстай отырып жылжытыңыз.

4.6. Бензиндік триммерді қолданушы тұлға басқа тұлғаларға және олардың мүліктеріне қатысты жазатайым оқиғаларға және бүлінулерге жауапты болады.

4.7. Жұмыс аймағында балалардың, жануарлардың немесе бөгде тұлғалардың болуларына жол бермеңіз.

4.8. Бензиндік триммерді жабық немесе нашар желдетілетін бөлмелерде қолдануға және қызмет көрсетуге тыйым салынады.

4.9. Аталған үлгідегі триммерге арналмаған кесуші құралдарды және саптамаларды қолдануға тыйым салынады.

4.10. Бұйыммен жұмыс жасау кезінде жеке қорғаныс құралдарын қолданыңыз. Қажет болған жағдайда арнайы қолғаптарды, көзілдіріктерді және құлаққаптарды қолданыңыз.

4.11. Жұмыс жасау кезінде ешбір бөліктері бұйыммен жанаспайтындай қолайлы киімді кию ұсынылады. Сонымен бірге Сізде қажетсіз салдарларды шақыратын немесе жұмысқа кедергі жасай алатын ештеңе жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.

4.12. Триммерді қаптамаларсыз және жеке қорғаныс құралдарысыз (каска, қорғаныс бетперде, қолғаптар, берік тайғанамайтын аяқ киім, құлаққап) қолдануға тыйым салынады.

4.13. Өңделуші беттен немесе бөлшектерден басқа ештеңе бұйымның қозғалып тұрған бөліктеріне жанаспаулары керек.

4.14. Бұйымның тоқтап қалуын шақыратын жүктемеге жол бермеңіз.

4.15. Іске қосулы бұйымды назарсыз қалдырмаңыз.

4.16. Бұйымды ажыратқаннан кейін бірден салмаңыз, қозғалтқыштың толық тоқтауын күтіңіз.

4.17. Бұйымды ұшқындардың, шаң мен шағын бөліктердің Сіз жаққа ұшпайтындай етіп ұстаңыз.

4.18. Тәуліктің қараңғы уақытында не-

месе нашар желдетілетін бөлмелерде жұмыс істеуге тыйым салынады.

4.19. Триммерді құлама беткейлерде қолдануға тыйым салынады.

4.20. Триммерді тек негізгі тұтқаларынан ғана ұстаңыз.

4.21. Жұмысты бастаудың алдында барлық сомындардың, бұрандалардың және бұрандамалардың сенімді тартылғандарын тексеріп алыңыз. Бензиндік триеммердің барлық тораптарының бүтіндігін, тұтқалардың, бекітпелердің, кесуші құралдың және басқалардың қызметтерін тексеріңіз.

4.22. Жұмысты бастаудың алдында жұмыс аймағынан барлық оңай тұтанатын материалдар мен заттарды, сонымен қатар триимер жұмыс кезінде лақтыруы немесе оны бүлдіруі мүмкін заттарды алып тастаңыз, қозғалтқышты, бәсеңдеткішті, қарнақты, қаптаманы және кесуші құралды өсімдіктердің қалдықтарынан, артық майдан, жанғыштан және басқалардан тазалаңыз.

4.23. Шарғы қозғалтқышын іске қосу кезінде кесуші жіптің немесе пышақтың беттерге жанаспайтындықтарына көз жеткізіп алыңыз.

4.24. Қозғалтқышты іске қосу кезінде тұрақты күйді сақтаңыз және триммерді қатты бетке орналастырыңыз.

4.25. Қандай да болмасын бүлінулерге жол бермеу үшін триммерді түтін және ұшқындар, дірілдер пайда болған кезде, триммердің негізгі жұмыс тораптарының көзге көрінуші бүлінулері болған кезде және басқаларда қолданбаңыз. Ақаулықтар пайда болған жағдайда авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну қажет.

4.26. Триммерді жаппаңыз және қозғалтқыштың кірісінде және шығысында ауа ағынының қозғалысын шектемеңіз.

4.27. Бақ техникасының жұмысы кезінде күйіп қалуларды болдырмау үшін қозғалтқыштың және бәсеңдеткіштің сыртқы беттеріне жанаспаңыз.

4.28. Қозғалтқыштың жүктемелерсіз үлкен айналымдарда айналуына жол бермеңіз.

4.29. Оны жабық бөлмеге қоюдың алдында триммердің қозғалтқышын суытып алыңыз.

4.30. Триммермен шолақ шалбарлармен, сандалдарда немесе жалаң аяқ ешқашан жұмыс істеменіз.

4.31. Пышақтары иілген, сызаттары бар, мұқалған немесе бүлінген триммерді қолдануға үзілдікесілді тыйым салынады.

4.32. Кесуші пышақты қайрауға тыйым салынады. Қате қайрау оның иілуіне және қате орталықтануына әкеліп соқтыруы мүмкін, бұл жұмыс кезінде жарақат алу және техниканың негізгі тораптарының істен шығу қауіптерін арттырады. Мұқалған кесуші пышақты жаңаға ауыстырыңыз.

4.33. Отынды (бензиннің маймен қоспасын) тек химиялық белсенді заттарды сақтауға арналған арнайы канистрлерде ғана сақтаңыз.

4.34. Сіздің бұйымды қолданбаған кезіңізде оны әрдайым ажыратып отырыңыз, сонымен қатар:

- кез келген ақаулықтар кезінде;
- құрал-сайманын ауыстырудың немесе тазалаудың алдында;
- жұмыс аяқталғаннан кейін.

4.35. Бұйымды оны құлап қалғаннан кейін немесе егер онда бүлінудің қандай да болмасын іздері көрінсе қолданбаңыз. Диагностика мен жөндеу үшін авторландырылған сервистік орталықпен хабарласыңыз.

4.36. Жөндеу және техқызметкөрсету аталған нұсқаулыққа қатаң сәйкес жүзеге асырылуы керек.


4.37. Жөндеу және техқызметкөрсету үшін тек авторландырылған сервистік орталықтарға жүгініңіз.

4.38. Бұйымды бүлдіруі мүмкін жуғыш заттарды қолданбаңыз (бензин немесе басқа да агрессивтік заттар).

4.39. Балаларға бұйымға жанасуға рұқсат бермеңіз.



## 5 АТҚАРЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР



## СОСТАВНЫЕ ЧАСТИ

- |                          |   |
|--------------------------|---|
| 1. Қозғалтқыш            | 11. Газ тетігі                              |
| 2. Қарнақ                | 12. Газ тетігін бекіткіш                    |
| 3. Велосипедтік тұтқа    | 13. Белдікті бекітпе                        |
| 4. Стартер               | 14. Қарнақтарды қосу                        |
| 5. Ауа сүзгісі           | 15. Бәсеңдеткіш                             |
| 6. Дроссельді жапқыш     | 16. Қаптама                                 |
| 7. Отындық бак           | 17. Жіптердің (пышақтың) ұзындығын шектеуіш |
| 8. Праймер               | 18. Жұмыс құралы                            |
| 9. Оталдыру білтесі      | 19. Сөндіргіш                               |
| 10. Оталдыруды ажыратқыш |   |

## 6 ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

### ҚАРНАҚТАРДЫ ОРНАТУ

6.1.1. Құралды қатты тегіс бетке орнатыңыз.

6.1.2. Сағат тіліне қарсы бұrandаны әлсіретіңіз.

6.1.3. Қарнақты байланыстырушы жалғастырғышқа тоқтатқыш білік саңылауға түскенше дейін қойыңыз.

6.1.4. Бұrandаны тартып бекітіңіз.

### ТҰТҚАЛАРДЫ ОРНАТУ

6.2.1. Құралды қатты тегіс бетке орнатыңыз.

6.2.2. Бекітпенің жоғарғы және ортасындағы бөліктерін тиісінше тұтқалардың (3) үстінен және астынан орналастырыңыз.

6.2.3. Төрт бұrandаны бекітпенің жоғарғы саңылауына орнатыңыз.

6.2.4. Жоғарғы және төменгі бекітпелерді, сонымен қатар тұтқаны (3) қарнаққа (2) орналастырыңыз.

6.2.5. Сомындарды бекітпенің төменгі бөліктерінің отырғызу саңылауларында ұстай отырып, велосипедтік тұтқаны қарнаққа (2) бекітіңіз. Тұтқалардың күйлерін реттеу үшін бекітпе бұrandаларын қатты тартпау керек.

6.2.6. Триммерді жұмыс күйінде ұстай отырып, тұтқаны (3) жұмыс кезінде максималды қолайлылықпен қамтамасыз етуші күйге орнатыңыз.

6.2.7. Велосипедтік тұтқаның (3) бекітпе бұrandамаларын тартып бекітіңіз.

### ИЫҚТЫҚ БЕЛДІКТІ ОРНАТУ

6.3.1. Айылбас жоқ белдіктің ұшын айылбастың орталық ойығы арқылы өткізіңіз.

6.3.2. Белдікті айылбастың екінші ойығына қойыңыз.

6.3.3. Бекіткішті триммердің қарнағында (2) орналасқан белдіктің (13) бекітпе сақинасына бекітіңіз.

6.3.4. Белдіктің ұзындығын реттеңіз.

### ҚОРҒАНЫС ҚАПТАМАНЫ ОРНАТУ

Қорғаныс қаптаманы (16) қолданылушы саптамаға байланысты орнатылады!

6.4.1. Құралды қатты тегіс бетке орнатыңыз.

6.4.2. Қорғаныс қаптаманы (16) триммердің қарнағындағы (2) тиісті бекітпеге қойыңыз.

6.4.3. Бұрағыштың және сомын бұрағыш кілттің көмегімен 4 бұrandамалармен (а) қаптаманы (16) қарнақтағы (2) бекітпеге бұрап бекітіңіз.

6.4.4. Бұrandамаларды мұқият тартып бекітіңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Жарақат алуларды болдырмау үшін әрдайым қорғаныс қаптаманы орнатыңыз.

### КЕСУШІ ҚҰРАЛДЫ ОРНАТУ

**ЕСКЕРТУ:** кесуші құралдармен жұмыс жасау кезінде арнайы қорғаныс қолғаптарын қолдану ұсынылады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Пышақты дұрыс орнатыңыз, себебі пышақты қате орталықтау операторға және қоршаған адамдарға зиян келтіруі мүмкін күшті дірілдерге және бүлінулерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Бензиндік триммерлерде СТАВР таңбасындағы НТ-250/3, НТ-250/3С, НТ-250/40, НТ-250/80 пышақтарын қолдану ұсынылады.

### Пышақты орнату үшін:

6.5.5. Құралды қатты тегіс бетке орнатыңыз.

6.5.2. Бәсеңдеткіштің күпшегіндегі саңылауды біліктің саңылауына үйлестіріңіз. Бекіткіш өзекті күпшектің саңылауына қойыңыз.

6.5.3. Ішкі фланецті білікке кигізіңіз, пышақты орнатыңыз, содан кейін сыртқы фланецті кигізіңіз және сомынды білікке бұрап бекітіңіз. Пышақтың дұрыс

орнатылғандығына көз жеткізіңіз.

6.5.4. Бекіткіш өзекті ұстай отырып, сомынды кілтпен тартып бекітіңіз. Сомынды пышақтың ішкі фланеці біліктің күпшегіне тығыз қысылғанша дейін тартыңыз, ал содан кейін сомынды қосымша  $\frac{1}{4}$  -  $\frac{1}{2}$  айналымға тартыңыз.

6.5.5. Бекіткіш өзекті шығарыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Триммердің бұзылуын және қолданушының жарақат алуын болдырмау үшін күпшек саңылауына бекіткіш өзек қойылған қозғалтқышты іске қосуға тыйым салынады.

6.5.6. Кесуші пышақтан қорғаныс тысқабыт шешіңіз және оны ары қарай да қолдану үшін сақтап қойыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Кесуші пышақты қайрауға тыйым салынады. Пышақты қате қайрау оның иілуіне және орталықтаудың бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін, бұл жұмыс кезінде дірілдерді және жарақат алу қауіптерін арттырады. Қолдануға жарамсыз кесуші пышақты ауыстыру керек.

**КЕСУШІ ЖІППЕН ШАРҒЫНЫ ОРНАТУ**  
Ставр ТБ-1400ЛР бензиндік триммерлерінде жартылай автоматикалық ГТ-2,4/2,5 бастиектерін қолдану ұсынылады.

6.6.1. Құралды қатты тегіс бетке орнатыңыз.

6.6.2. Бәсеңдеткіштегі саңылауды біліктегі саңылаумен үйлестіріңіз. Бекіткіш өзекті күпшектің саңылауына қойыңыз.

6.6.3. Ішкі фланеці кигізіңіз. Жіппен шарғыны білікке бұрап бекітіңіз.

6.6.4. Жіптің қос жағының триммерлік бастиектердің шығыс саңылауларында орналасқандарына көз жеткізіңіз.

6.6.5. Қорғаныс қаптаманы орнатыңыз.

6.6.6. Бекіткіш өзекті шығарыңыз.

6.6.7. Жіптер ұзындығының максималды

жұмыс ұзындығынан аспайтындығына көз жеткізіңіз.

### ОТЫН ҚОСПАСЫН ДАЙЫНДАУ

Аталған триммер 1:25 үйлесімінде тек май мен бензиннің қоспаларында ғана жұмыс істейді.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Отынды тек осыған арналған қақпақтары тығыз жабылатын металл ыдыстарда, жақсы желдетілетін бөлмелерде сақтау керек. Автомобильдік АИ-92 бензинін және Ставр таңбасындағы TSC-2 (API бойынша) класындағы екітактілі қозғалтқыштарға арналған майды қолдану ұсынылады.

**ЕСКЕРТУ:** машина майы – бұл қозғалтқыштың жұмысына және қызметтік мерзіміне тікелей әсер ететін негізгі шығын материалдарының бірі. Төрттактілі қозғалтқыштарға арналған майды қолдануға тыйым салынады, себебі олар қозғалтқышты бүлдіреді.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Этилдендірілген бензинді қолдануға тыйым салынады, себебі бұл цилиндрде, оталдыру білтелерінде түрлі түзілімдердің пайда болуына әкеліп соқтырады және қозғалтқыштың және шығарушы жүйенің қызметтік мерзімін қысқартады.

Қозғалтқыштың бүлінуін болдырмау үшін түрлі таңбалардағы және қасиеттердегі майларды араластырмаңыз. Бензинді толық бак құймаңыз, өйткені отын қызу кезінде артады және оның шашырауы мүмкін болады.

Отындық бакқа лайлардың немесе судың кетіп қалуларын болдырмаңыз. Отын қоспаларын дайындаудың алдында алдағы жұмыстың көлемін ескеріңіз. Толық бак шамамен 40 минут үздіксіз жұмысқа жетеді.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Отын қоспасы

ұзақ мерзімдік сақтауға жарамайды (3-5 күннен артық), өйткені әрбір күн өткен сайын оның жұмыс қасиеттері төмендейді, бұл қозғалтқыштың істен шығуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

6.7.1. Арнайы ыдысты қолданумен отын қоспасының қажетті мөлшерін дайындаңыз.

6.7.2. Қозғалтқышты біраз уақыт суытып алыңыз.

6.7.3. Отындық бактың (7) қақпағын бірқалыпты бұрап босатыңыз.

6.7.4. Бакқа (7) қоспалардың қажетті мөлшерін құйыңыз және қақпақты тығыздап бұрап бекітіңіз. Уақыт өте келе үлкен жүктемелер кезінде жұмыс барысында сіз «детонацияның» (металдық тықыл) жеңіл дыбысын ести аласыз. Бұған алаңдамауға да болады. Егер детонация дыбысы қозғалтқыштың тұрақты жылдамдығында қалыпты жүктемелер кезінде орын алатын болса, отынның таңбасын ауыстырыңыз. Егер детонация дыбысы кетпесе, авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Триммерді тұрақты металдық тықыл немесе детонациялар кезінде пайдалану қозғалтқыштың бүлінуін шақыруы мүмкін.

## 7 ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

Бұйым +1°C-тан +35°C-қа дейінгі қоршаған орта температурасы кезінде қоңыржай климатта және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде пайдалануға арналған.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Триммерді қаптамасыз және жеке қорғаныс құралдарысыз пайдалануға тыйым салынады.

## ДРОССЕЛЬДІ ЖАПҚЫШ

Карбюраторлы

бензиндік

қозғалтқыштарда дроссель (6) отын қоспасын бензинмен суық іске қосу кезінде байыту үшін қолданылады. Сіз дроссельді жапқышты қолмен басқара аласыз, сол арқылы қозғалтқышты іске қосуды және қызуын жеңілдетеді. Қозғалтқышты іске қосудың алдында карбюраторға келіп түсуші ауа мөлшерін азайту үшін дроссельді жапқышты жабу, ал қозғалтқыштың қызуы кезінде отын шығынын азайту үшін біртіндеп ашу ұсынылады.

Ыстық қозғалтқышты іске қосу кезінде жапқышты жабудың қажеті болмайды.

**ЕСКЕРТУ:** дроссельді жапқышпен толықтай жабылған триммермен барлық уақыт жұмыс істеу ұсынылмайды.

## ПРАЙМЕР.

Қозғалтқышты салқын іске қосуды жақсарту үшін отын қоспасын бензинмен байыту қажет. Ол үшін триммердің құрылымында отынпраймерді (8) тартуға арналған арнайы сорғы қарастырылған.

**ЕСКЕРТУ:** суық қозғалтқышты іске қосудың алдында праймерге қоспаларды байыту үшін 2-3 рет басыңыз. Бұл ретте қалпақшалар арқылы тартылушы отын қарастырылуы керек. Егер отыр қалпақшаны толтырмаса, сорғы батырмасына тағы бірнеше рет басыңыз.

## СТАРТЕР.

Қозғалтқышты іске қосу үшін стартердің (4) тұтқасын қарсылықты сезінгеніңізше дейін тартыңыз, сосын стартердің тұтқасын жылдам тартыңыз. Қажет болған жағдайда рәсімді қайталаңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Стартердің тұтқасын бұралған күйде жібермеңіз және стартердің ыршып түсуіне және қозғалтқышқа соғылуына мүмкіндік бермеңіз. Тұтқаны стартер механизмінің және қозғалтқыштың бүлінуін болдырмау

үшін бастапқы күйге жұмсақ қайтарыңыз.

### ІСКЕ ҚОСУ

7.1.1. Отындық бактағы (7) бензин және май қоспаларының мөлшерін тексеріңіз.

7.1.2. Қажетті жұмыс құралын (18) орнатыңыз.

7.1.3. Қаптаманың (16) сенімді бекітілуін тексеріңіз.

7.1.4. Велосипедтік тұтқаның (3) сенімді бекітілуін тексеріңіз.

7.1.5. Иықтық белдікті орнатыңыз және реттеңіз.

7.1.6. Қажет болған жағдайда дроссельді жапқышты (6) жабыңыз.

7.1.7. Қажет болған жағдайда праймерге (8) 2-3 рет басыңыз.

7.1.8. Оталдыруды (10) іске қосыңыз.

7.1.9. Стартердің (4) көмегімен қозғалтқышты іске қосыңыз.

7.1.10. Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, дроссельді жапқышты (6) орта күйге ауыстырыңыз және тағы да қайталап көріңіз.

7.1.11. Іске қосқаннан кейін біраз уақыт қозғалтқыштың қызуын тосыңыз.

**ЕСКЕРТУ:** егер қозғалтқыш бірінші реттен іске қосылмаса, дроссельді жапқышты жабыңыз және әрекетті бірнеше рет қайталаңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бөгде дыбыстар, дірілдер, су ағулар және қате жұмыстың басқа да белгілері аңғарылған кезде триммерді тез арада сөндіріңіз.

**ЕСКЕРТУ:** Егер карбюратор іске қосу кезінде отынды қотарып құйса, онда дроссельді жапқышты (6) басқару тетігін АШЫҚ күйіне ауыстырыңыз, газ тетігін (11) басыңыз және стартердің (4) баусымын жылдам тартыңыз. Қозғалтқыш 3-8 реттен іске қосылуы керек.

### ТОҚТАТУ.

7.2.1. Газ тетігін (11) босатыңыз.

7.2.2. Қозғалтқышқа бос айналымдарда аздап жұмыс жасатып алыңыз және

суытыңыз.

7.2.3. Қозғалтқышты тоқтату үшін оталдыруды ажыратқышты (10) СӨН күйіне ауыстырыңыз.

7.2.4. Жұмыс құралының және қозғалтқыштың толық тоқтауын тосыңыз.

7.2.5. Триммерді тегіс қатты бетке қойыңыз және қозғалтқышты біраз уақыттай суытыңыз.

**ЕСКЕРТУ:** соңғы ажыратудың алдында оны біраз уақыт жүктемелерсіз жұмыс істеткізе отырып, қозғалтқышты біраз уақыт суытып алу ұсынылады.

### ШӨП ШАБУ

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бензиндік триммермен жұмыс жасау кезінде әрдайым жеке қорғаныс құралдарын қолданыңыз. Жұмысты бастаудың алдында қозғалтқышқа іске қосу сәтінен 2-3 минуттай қыздырып алыңыз.

**ЕСКЕРТУ:** қыздырылмаған қозғалтқышпен жұмыс жасау қозғалтқыштың қызметтік мерзімін кемітеді және оның техникалық сипаттамаларын нашарлатады.

7.3.1. Участке бойынша өз қозғалысыңыздың траекториясын басынан аяғына дейін алдынала ойластырып алыңыз, әсіресе бұрылыстар мен айнымдар кезінде.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Жұмысты бастаудың алдында өңделуші участкада триммердің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін заттардың (сымдар, шыны, тастар, бұтақтар, құбырлар және т.б.) болуларын мұқият қарап шығу керек.

7.3.2. Кесуші жіппен шарғының құрамына кесуші жіпті қозғалтқышты тоқтатусыз ұзартуға мүмкіндік беретін қысушы бастиек кіреді.

Ол үшін қысушы бастиекпен триммердің

жоғары айналымдардағы жұмысы кезінде жерді аздап соғу жеткілікті.

**ЕСКЕРТУ:** Өрқашан жіптің ұзындығын қадағалаңыз. Жіптің ұзындығын кеміту кезінде шөп шабу еңбекті көп қажетсінетін процеске айналады.

7.3.3. Қысушы бастиекті жер беттері бойынша әрбір соғудан кейін кесуші жіптің ұзындығы шамамен 25 мм артады. Қорғаныс қаптамада орнатылған жіп ұзындығын реттеуіш пышақ оның ұзындығын шектеу үшін қызмет етеді.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Қысушы бастиекпен жер бетіне сүйенуге тыйым салынады. Қорғаныс қаптамадан шектеуші пышақты шешуге тыйым салынады!

7.3.4. Триммерді кесуші жіп немесе пышақ жер бетіне қатарлас орналасатындай етіп орналастырыңыз.

7.3.5. Триммердің қозғалтқышын асқын жүктемеңіз. Жіптің ұштарымен шабыңыз, әсіресе үй қабырғаларын бойлай. Жіптің барлық ұзындығы бойынша шабу жұмыс тиімділігін кемітеді және қозғалтқыштың асқын жүктелуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ:** жіптің уақытынан бұрып тозғандығын және қозғалтқышқа қосымша асқын жүктелулерді ескерту үшін, биіктігі 20 см асатын шөптерді шабуды үстінен астына бірнеше кірулерде жүгізу керек.

7.3.6. Тиімділікті артыру үшін шөпті кесуші жіппен шарғының айналу жағына шабыңыз. Кесілген шөп бұл ретте оператордан лақтырылады.

7.3.7. Құрғақ шөпті шабу ұсынылады.

7.3.8. Жіптің шығыны шалғымен дұрыс жұмыс жасу бойынша ұсыныстарға, шабылушы шөптің типіне және шабу

жүргізілуші жердің типіне байланысты болады. Жіптің шығыны ағаштардың маңын шабумен салыстырғанда, мәселен, іргетастардың айналасындағы шөптерді шабу кезінде көбірек болады.

## 8 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТСУ

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Пайдаланылған газ көмірсудің улы оксидінен (тұншықтырғыш газ) тұрады. Техқызметкөрсету бойынша кез келген жұмыстарды орындаудың алдында қозғалтқышты сөндіріңіз.

Тазалаудың және қызмет көрсетудің алдында әрдайым кесуші құралдың толық тоқтауын тосыңыз. Сақ болыңыз, жұмыс жасау кезінде қозғалтқыштың тұншықтырғышы өте қатты қызады.

8.1.1. Жұмыстан кейін әрбір ретте корпусты, кесуші құралды, қаптаманы және басқа да бөлшектерін өсімдіктердің, лайлардың, майдың, отының және басқа бөгде заттардың қаалдықтарынан мұқият тазалау жүргізіп отыру қажет.

8.1.2. Корпусты тазалау үшін бұйымның металл бөліктерінде тотығулардың пайда болуына немесе пластик беттің бүлінуіне әкеліп соқтыруы мүмкін тазартқыш құралды қолданбау керек. Тазалау үшін суды, бензинді және тез тұтанушы сұйықтықтарды қолдануға тыйым салынады.

8.1.3. Желдеткіш саңылаулардың әрдайым таза болуларын қадағалап отырыңыз.

## ОТАЛДЫРУ БІЛТЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Триммер үшін келесі оталдыру білтелерін қолдану ұсынылады: LD BM6A. Қозғалтқышты лайықты жұмыспен қамтамасыз етуі үшін оталдыру білтелері дұрыс орнатылған және түзілімдерден тұрмауы керек.

8.2.1. Триммерді тоқтатыңыз және тұншықтырғышты сөндіріңіз.

8.2.2. Жайлы жұмыс үшін қозғалтқыштың және металл бөліктерінің жеткілікті салқындауы үшін біраз уақыт тосыңыз.

8.2.3. Оталдыру білтесінен (9) қорғаныс қалпақшаны шешіңіз.

8.2.4. Білте табанының маңындағы кез келген лайларды кетіріңіз.

8.2.5. Оталдыру білтесін (9) шешу үшін бүйірлік бастиекті немесе арнайы білтелік кілтті қолданыңыз.

8.2.6. Оталдыру білтесін мұқият қарап шығыңыз. Егер оқшаулағыш шытынаса немесе бүлінудің іздері болса білтені ауыстыру қажет болады.

8.2.7. Егер білте қайтара қолдануға жарамды болса, оны сым шөткемен мұқият тазартыңыз.

8.2.8. Білтенің саңылауын арнайы қуыс бұрғымен өлшеңіз.

8.2.9. Қажет болған жағдайда, саңылауды бүйірлік электродты мұқият бұра отырып реттеңіз. Саңылау келесідей болуы керек: 0.70-0.80 мм (0.028 – 0.031 дюйм).

8.2.10. Білтенің тығырығын тексеріңіз. Оның жақсы күйде екендігін тексеріңіз.

8.2.11. Білтені тығырықтың бұрылуын болдырмау үшін қолмен бұрап бекітіңіз.

8.2.12. Білте өз орнына отырғаннан кейін тығырықты қысу үшін оны сомын бұрағыш кілтпен бұрап бекітіңіз.

**ЕСКЕРТУ:** жаңа оталдыру білтесін орнату кезінде қолмен бұрап бекітуден кейін жартылай айналымға кілтпен тартып бекіті керек. Қайтара орнату кезінде 1/8-1/4 айналымға тартып бекіту керек болады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Оталдыру білтесі сенімді тартылған болуы керек. Қате орнатылған білте тым қатты қызуы және қозғалтқышты бүлдіруі мүмкін. Оталдыру білтелерін ешқашан жарамайтын қызу ауқымымен қолданбаңыз. Тек ұсынылған білтелерді немесе олардың аналогтарын ғана қолданыңыз.

**АУА СҮЗГІСІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**

Ластанған ауатазартқыш карбюраторға келіп түсетін ауа ағынына бөгет болады. Ақаулықтарды болдырмау үшін ауатазартқышқа тұрақты қызмет көрсету жүргізіп отыру ұсынылады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бензинді немесе ыстық еріткіштерді сүзгіш элементті тазалау үшін қолдану өртті немесе жарылысты шақыруы мүмкін. Тек сабынды суды немесе жанбайтын еріткішті ғана қолданыңыз.

8.3.1. Триммерді (11) тоқтатыңыз және қозғалтқышты (10) сөндіріңіз. Күштік кабелді оталдыру білтесінен (9) ажыратыңыз.

8.3.2. Жайлы жұмыс жасау үшін қозғалтқыштың және металл бөліктерінің жеткілікті салқындауы үшін біраз уақыт тосыңыз.

8.3.3. Ауа сүзгісінің (5) қақпағын бекіткіш сомынды бұрап босатыңыз.

8.3.4. Ауа сүзгісінің (4) қақпағын шешіңіз.

8.3.6. Сүзгіш элементті шығарыңыз және оны тұрмыстық жуғыш құралдың және жылы судың ерітіндісінде жуыңыз.

8.3.7. Содан кейін сүзгіш элементті жанбайтын еріткіште немесе балқу температурасы жоғары ерітіндіде мұқият жуыңыз.

8.3.8. Элементті таза машина майына батырыңыз және майдың артығын шығарыңыз. Қозғалтқыш егер элементте тым көп артық май қалатын болса, бірінші рет іске қосу кезінде түтіндейтін болады.

8.3.9. Ауа сүзгісінің (5) қақпағын мұқият жуыңыз.

8.3.10. Кері жүйелілікте сүзгіш элементті және ауа сүзгісінің (5) қақпағын орнатыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Триммерді ауатазартқышсыз ешқашан пайдаланбаңыз. Бұл қозғалтқыштың тез тозуына әкеліп соқтырады.

## 9 САҚТАУ ШАРТТАРЫ

9.1. Бензиндік бау-бақша техникасын қоршаған ортаның 0°C-тан +40°C-қа дейінгі температурасы кезінде және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын және артық шаң жоқ, балаларға қолжетімді емес жерлерде сақтау керек.

9.2. Сақтау алдында әрбір ретте бау-бақша техникасының корпусын, кесуші құралды, қаптамаларды және басқаларды өсімдіктердің, лайлардың, майлардың, отынның және басқа да бөгде заттардың қалдықтарынан мұқият тазалап отырыңыз.

9.3. Жабық бөлмеге орнын ауыстырудың және сақтаудың алдында оталдыру білтелерінен жоғары вольтты сымды шешіңіз және қозғалтқышты біраз уақыт бойы суытып алыңыз.

9.4. Триммерді 2 айға дейін уақытқа сақтау кезінде отындық бактан барлық бензинді төгу қажет болады.

9.5. Триммерді бір жылға дейін сақтау кезінде бактан, тұндырғыдан және қарбюратордың қалтқылы камерасынан бензинді төгу қажет болады. Сақтаудан шығарудан кейін тұрып қалған бензинді жарамды контейнерге төгіңіз және іске қосудың алдында жаңа бензин құйыңыз.

## 10 ҚЫЗМЕТТІК МЕРЗІМІ

Бұл өнім барлық талаптарын сақтаған кезде, осы пайдаланушы нұсқаулығын тиіс атқара кемінде 3 жыл болуы тиіс. Өндіруші-фирма құқығын өзіне қалдырады конструкциясына және жинақтауды керек емес нашарлататын пайдалану тауар сапасы.

## 11 ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Егер құрал істен шықса, оны өздігіңізден жөндеуге тырыспаңыз.

Авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну үзілдікесілді ұсынылады.

## 12 ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығын және дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонының дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

12.1. Кепілдік міндеттемелер сатып алынған күні, сериялық нөмірі, сауда ұйымының мөрі (мөртабаны), сатушының қолтаңбасы көрсетілген кепілдік талоны дұрыс толтырылған кезде ғана жүзеге асырылады. Сізде дұрыс толтырылған кепілдік талоны болмаған жағдайда біз Сіздің аталған ұйымның сапасы бойынша шағымыңызды қабылдамауға мәжбүр боламыз.

12.2. Түсінбеушіліктерге жол бермеу үшін бұйыммен жұмыс жасауды бастамастан бұрын Сізден пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен мұқият танысып шығуды өтінеміз.

12.3. Сіздің назарыңызды бұйымның тек тұрмыстық тағайындалуға ғана арналғандығына аударамыз.

12.4. Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасы аталған кепілдік шарттардың құқықтың негіздемесі болып табылады, атап айтқанда, «Тұтынушылардың құқығын қорғау» Федералды заңының соңғы редакциясы және Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі.

12.5. Бұйымға кепілдік пайдалану мерзімі 36 айды құрайды. Бұл мерзім бөлшектік желі арқылы сатылғаннан күнінен бастап есептеледі.

12.6. Біздің кепілдік міндеттемелер тек кепілдік мерзімнің ішінде анықталған ақаулықтарға және дайындаушы-кәсіпорынның кінәсі бойынша жол берілген өндірістік, технологиялық және құрылымдық ақауларға ғана таралады.

12.7. Кепілдік міндеттемелер келесілерге таралмайды:



12.7.1. Бұйымда келесідей жағдайлардың нәтижесінде пайда болған ақаулықтарға:

- қолданушы арқылы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы нұсқамалардың сақталмауы;

- сыртқы және кез келген басқа да әсерлер арқылы шақырылған механикалық бүлінулер;

- бұйымды тағайындалу бойынша қолданбау;

- жанбыр, қар, жоғары ылғалдылық, қызу, агрессивтік орталар, қуат беруші электр желілері параметрлерінің пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес болмауы секілді жағымсыз атмосфералық және сыртқы әсерлер;

- өндіруші арқылы ұсынылмаған немесе мақұлданбаған керек-жарақтарды, шығын материалдары мен қосалқы бөлшектерді қолдану;

- бұйымның ішіне бөтен заттардың түсіп кетуі немесе желдетуші саңылаулардың көп мөлшердегі шаң, лай және т.б. секілді қалдықтардан бітеліп қалуы.

12.7.2. Уәкілетті емес тұлға арқылы ашылған, жөнделген немесе түрлендірілген бұйымға.

12.7.3. Бұйымда лайықсыз пайдаланудың немесе сақтаудың салдарынан пайда болған ақаулықтарға:

- бұйымның металл элементтерінде тоттардың болуы;

- коллекторда қышқыл тотықтардың болуы;

- желелік кабельдің үзілуі мен тілінуі;

- корпусың.

12.7.4. Электрлі қозғалтқыштың немесе басқа тораптар мен бөлшектердің істен шығуларына әкеліп соқтыратын бұйымның асқын жүктелуінің нәтижелерінде пайда болған ақаулықтарға.

Асқын жүктелудің сөзсіз белгілеріне жататындар:

- бұйымның бөлшектері мен тораптарының деформациялануы мен балқуы;

- коллекторда немесе бұрыштық шөткелерде қақтардың пайда болуы;

- ротор мен электрлі қозғалтқыш статорының бір уақытта істен шығуы;

- сымдар оқшаулағыштарды қарауы немесе күйі.

12.7.5. Шығын материалдарына, ауыстырмалы бөлшектерге.

12.7.6. Оқылатын сериялық нөмірі жоқ бұйымға.

Сіздің назарыңызды бұйымды сервистік орталыққа және одан жеткізудің соңғы тұтынушы (иегері) арқылы немесе оның қаражатының есебінен жүзеге асырылатындығына аудартамыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығы мен дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонның дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

Авторландырылған сервистік орталықтарда ауыстырылған бөлшектер мен тораптарға 3 ай кепілдік беріледі. Құралға кепілдік жағдайды орнату бойынша техникалық куәландыру тек авторландырылған сервистік орталықта ғана жүргізіледі.

Дайындаушы-фирма сатып алушылардың назарын бұйымды жеке мұқтаждықтары аясында пайдалану кезінде осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген қолдану ережелерін сақтау бұйымның қызметтік мерзімі осы нұсқаулықта көрсетілген мерзімнен айтарлықтай асып кетуі мүмкін екендігіне аудартады.

Дайындаушы-фирма өзіне тауардың сапасын нашарлатпайтын құрылымы мен жиынтығына өзгерістер енгізу құқығын қалдырады.

**Құралдың қызметтік мерзімі**

**3 жылды құрайды.**

Сервистік орталықтардың тізімін сатушыдан немесе [www.stavr-tools.ru](http://www.stavr-tools.ru) сайтынан білуге болады.

### 13 ӨЗГЕ АҚПАРАТ

**Импорттаушы/шағымдарды қабылдауға уәкілетті ұйым:**  
«Омега» ЖШҚ

**Мекен-жай:** 432006, Ресей, Ульяновск қ., Локомотивная көш., 14.

**Дайындаушы:** ЧЖЭЦЗЯН САФУН ИНДАСТРИАЛ КОРПОРЕЙШН, ЛИМИТЕД

**Мекен-жай:** 7 Мингиуан, Соутх Аве  
Юнкан, Чжецзян, Кытай

ҚХР жасалған.

Дайындалған күні сериялық нөмірде көрсетілген. Дайындаушының стандартына сәйкес сериялық нөмір келесілерден тұрады: тапсырыстың нөмірі / дайындалған айы мен жылы / бұйымның реттік нөмірі.